



"Бекітемін"  
«Ушқатты мектеп – бебекжай – балабақша кешені» КММ  
басшының м.д.

А.К.Нұршалина

2025 ж.

## Орт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуды дайындау және өткізу жоспары

Тақырыбы: «Ушқатты мектеп – бебекжай – балабақша кешені» КММ оқытушы құрамының және оқушылардың өрт кезіндегі іс-әрекеттері».

### Оку мақсаттары:

«Ушқатты мектеп – бебекжай – балабақша кешені» КММ- де өрт пайда болған жағдайда азаматтық қорғау іс-шараларын орындауға дайындығын тексеру.

Басшылық құрам мен оқытушы құрам үшін өрт пайда болған кезде азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыруға және жүргізуге практикалық дағдыларды жинау.

Оқушылар үшін – өрт пайда болған кездегі мектепте сауатты іс-қимылдар мен дұрыс жүріп-тұру ережелердің дағдыларын үйрену.

Өткізу уақыты : «18 » наурыз 2025 жыл.

Өткізілу орны: Әйтеке би ауданы, Ушқатты ауылы, Абай көшесі № 17.

**Орт жағдайындағы эвакуациялық жаттығудың қатысушылары:**  
басшылық, оқытушы құрам, оқушылар.

**Оқу сұрағы:** өрт жағдайында «Ушқатты мектеп – бебекжай – балабақша кешені» КММ- нің оқытушылар мен оқушылардың практикалық іс-қимылдары.

### Материалдық қамтамасыз ету және әдебиет:

- Өрт кезіндегі халықтың іс-қимылдары бойынша жадынамалар, буклеттер;
- Оқушыларды (балаларды) ғимараттан шұғыл эвакуациялау жоспар-схемасы;
- Ғимарат қасында қауіпсіз аумақ жоспар-схемасы;
- Кұлақтандырудың техникалық құралдары;
- Азаматтық қорғау құралымдарын жарақтандыру құралдары.

## Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығу өткізу тәртібі

<b>Басшының іс- қимылдары</b>	<b>Оқытушылардың (сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің) іс- қимылдары</b>	<b>Оқып үйренушілердің іс- қимылдары</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
<b>Дайындық кезеңі</b>		
Басшылық және оқытушы құрамның (тәрбиешілердің) кеңесінде өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуды дайындау және өткізу туралы бұйрық жеткізіледі.	Сынып жетекшілері оқушыларды ғимараттан, сыйнаптардан жақын орналасқан қауіпсіз аумаққа эвакуациялау жоспарын анықтайды. Сыныптың жетекшісі өз сыйныбын дайындейді және өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығу барысында оқушылардың іс-қимылдарын оқытушылардың барлық жеке құрамына көрсетеді.	Мектепте өрт пайда болған кезде халықтың іс-қимылдары туралы жадынамаларды, буклеттерді зерделейді. Ғимараттан шығу маршрутын, мектеп аумағында сыйнаптардың орналасу орындарын анықтайды. Өзара көмек көрсетуге үйренеді. Мақта-дәке таңғышты ықтимал қолдануға дайындейді (қолданады).
Басшылық, жаттығулардың өткізілуін бақылайды, оларды жүргізуге практикалық көмек көрсетеді.	Сынып жетекшілері сабактан тыс уақытта (үзілісте) әрбір жаттығуға, сайысуға қүш және ойын элементтерін беріп, практикалық жаттығулар өткізеді, оқушылардың іс-қимылдары саналы, сауатты болуына қол жеткізеді.	Өрт кезінде іс-қимылдарды пысықтауға қатысады (класс, топ құрамында).
Штаб бастығы азаматтық қорғау құралымдарының командирлерімен бірге өрт салдарын жоюға қатысты құралымдардың жұмысқа әзірлігін анықтайды.	Күтқару тобының, санитарлық посттың, өрт сөндіру буынының командирлері, қоғамдық қауіпсіздіктің қорғау тобтары жеке құрамды, функционалдық міндеттерді, жарақтандыру тәртібін анықтайды, адамдарды құтқару, өрт сөндіру, зардал шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық сабактар өткізеді.	
<b>Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуда оқытушы құрам мен оқушылардың практикалық іс-қимылдары</b>		
Сабактар басталғанға дейін білім беру үйымының басшысы басшылық және оқытушы құрам кеңесінде жауапты тұлғалардың өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуды жүргізуге дайындығы туралы (қысқаша) тыңдайды, уақытын, жаттығудың практикалық белгілігін пысықтауға белгіленген сигнал беру	Алғашқы сабак жүргізетін барлық оқытушылар оқушыларға өрт туындағаны, осы сигнал бойынша оқушыларың іс-қимылдарын, ғимараттан шықсан соң жиналатын орын туралы белгіленген сигналды қысқаша еске салады. Жаттығуды жүргізу кезінде шараларды сақтауға назар аударады.	Әрбір оқушы (бала) алдын ала ықтимал қолдану үшін мақта-дәке таңғыш дайындалап, қалтасына салады

тәртібін анықтайды, делдалдармен мен басшылық құрам үшін орын анықтайды.		
Сабак аяқталғанға 2-3 минут қалғанда үлкен үзіліс алдында өrt пайда болғаны туралы белгіленген сигнал беріледі	Сабак өткізетін оқытушылар "Өrt" деп хабарлайды.	Окушылар (балалар) мақтадәке таңғыш киеді, команда түскен кезде сыныптан шығуға дайын
Басшылық құрам оқытушылар мен окушылардың (тәрбиешілер мен балалардың) іс-кимылдарын бақылайды.	<p>Оқытушылар "эвакуация" командасын береді.</p> <p>Сынып окушылары (топ балалары) белгіленген қауіпсіз жерге орналасқан соң оқытушысынып журналы бойынша балалардың баржоғын тексереді, нәтижесін директорға хабарлайды.</p> <p>Азаматтық қорғау құралымдарының командирлері адамдар ғимараттан шыққан соң құралымның жеке құрамының жиынын хабарлайды, штаб бастығы арқылы оларды жарақтандырады және ғимаратта қалған адамдарды құтқаруды, өrt сөндіруді, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді, қоғамдық қауіпсіздікті ұйымдастырады.</p>	<p>Окушылар (балалар) үйымдастыран түрде үрэй тудырмай оқытушы (тәрбиеші) командасты бойынша ғимараттан тез шығады және қауіпсіз аумақта сынып үшін белгіленген орындарға тұрады.</p> <p>Қажет болса, зардап шеккендерге көмек көрсетеді.</p> <p>Азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамы ғимаратта қалған адамдарды құтқаруға, өrtті жоюға, алғашқы медициналық көмек көрсетуге, қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға қатысады.</p> <p>Өrt сөндіру буынының бірі жалпы электр сөндіргішті тоқтан ажыратады.</p>

### Өrt жағдайындағы эвакуациялық жаттығуды қорытындылау

Мектеп директоры тұрақты құрамның кеңесінде орынбасарларды, делдалдарды (қысқа түрде) тыңдайды, өrt болған жағдайда эвакуациялық жаттығуды қорытындылайды, оқытушылардың (тәрбиешілердің, балалардың) іс-кимылдарын талдайды, анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсынымдар береді, оқытушыларға жеке талқылау жүргізуге уақыт белгілейді	Оқытушылар эвакуациялық жаттығуды қорытындылау бойынша кеңесте олардың іс-кимылдарына, анықталған кемшіліктеріне баға береді, оларды жоюдың жолдарын көрсетеді, сыйнштарда (топтарда) жеке талқылау өткізу үшін құжаттар дайындауды.	
Азаматтық қорғаныс бастығы – білім беру үйімінің басшысы аудандық (қалалық) төтенше жағдайлар	Өrt кезінде эвакуациялық жаттығулар өткізетін оқытушылар директор белгілеген уақытта окушылармен (балалармен) жеке	Окушылар (балалар) өrt болған жағдайда эвакуациялық жаттығу жүргізу кезінде өздері жіберген қателіктерді анықтайды және келесі

бөліміне өрт болған жағдайда өткізілген жаттығу туралы есеп (мәлімдеме) ұсынады.	талқылау өткізеді.	жаттығу барысында оларды жояды.
---	--------------------	------------------------------------

Жоспарды дайындаған:

Д.А.Қайыржанов  
Т.А.Ә.

  
(қолы)